№8 (602)

30 қазан 2026 жыл

Zańǵar

ZHANGIR KHAN UNIVERSITY

2004 жылдың наурыз айынан шығады

«Білімді болу - бөлгі, оны дұрыс қолдану - парасат» Әбу Насыр Әл-Фараби

Жәңгір хан университетінде «Тайбурыл» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті

Жәңгір хан университетінде «Тайбурыл» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Қазақ жылқысы тұқымдарының қазіргі жағдайына арналған ғылыми басқосу Көшім жылқысы тұқымының 50 жылдығына орай ұйымдастырылды.



Жәңгір хан атындағы БҚАТУ мен Батыс Қазақстан облысының әкімдігі бірлесіп ұйымдастырған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты – жылқы шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелерді талқылау, ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен бөлісу, қазақ жылқысы тұқымдарын сақтау мен жетілдірудің тиімді жолдарын айқындау, сондай-ақ ғалымдар мен сала мамандары арасындағы кәсіби байланысты нығайту болды.

Ғылыми іс-шараға отандық және шетелдік ғалымдар, жылқы өсірушілер мен жылқы иелері, ветеринария және мал шаруашылығы салаларының мамандары, оқытушылар, докторанттар, магистранттар және студенттер қатысты. Конференция аралас форматта – офлайн және онлайн өткізілді.

– Біздің білім ордасында өтіп жатқан «Тайбурыл» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы қазіргі Қазақстандағы жылқы шаруашылығының жағдайына, оның ішінде жергілікті Көшім жылқысы тұқымының шығарылғанына 50 жыл толуына арналып отыр. Аталған конференцияның негізгі аудиториясы фермерлерден, ғалым-селекционерлерден тұрады. Сондай-ақ университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылар қатысып жатыр. Басқосуда жылқы шаруашылығының қазіргі жағдайы, жылқыны асылдандыру жұмысы бойынша қордаланған мәселелерді шешу әрі осы жылқы тұқымдарын өсіріп-дамыту жолдары жөнінде айтылады. Халықаралық конференцияға алыс-жақын шетелден қонақтар келді. Кеше ғылыми жобаның үйлестіру кеңесінің отырысы өтті. Онда соңғы үш жылда жүргізілген ғылыми жұмыстың нәтижелері айқындалды, – деді басқарма төрағасы-ректордың орынбасары, ғылым жөніндегі проректор Әлжан Шәмшідін.

Пленарлық отырыста алдымен сөз алған БҚО ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Жасұлан Халиуллин аталған басқосудың отандық ауыл шаруашылығы үшін де, батыс өңірі үшін де маңызды екенін айтты. Бұдан кейін профессор Набидолла Кикебаев жылқы шаруашылығы мен ат спортын дамытудың өзекті мәселелерін қозғаса, Татарстан Республикасының еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері, ТР көпсайыс федерациясының президенті Фарит Набиулин аборигендік жылқылар туралы айтты. Сондай-ақ Өнімді және әмбебап бағытындағы жылқы тұқымдары республикалық палатасының директоры Қалыбек Рзабаев Көшім жылқысын селекциялық-асылдандыруды жетілдіру жайында сөз қозғады.

Түстен кейінгі секциялық отырыстар «Ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру, селекция және генетикасы», «Ветеринариялық медицина және мал шаруашылығындағы биологиялық қауіпсіздік» бағыттары бойынша жалғасты.

Ғалымдар Қытай-Қазақстан симпозиумында зерттеу нәтижелерін ұсынды

Бейжің орман шаруашылығы университетінде киік пен Пржевальский жылқысын сақтау биологиясына арналған Қытай-Қазақстан симпозиумы өтті. Оған жабайы жануарларды қорғау, олардың популяцияларының жай-күйі және ауыл шаруашылығымен өзара байланысы мәселелерін зерттейтін ғалымдар мен мамандар қатысты.



Аталған симпозиум университеттің бас корпусында өтті. Бағдарламада киіктің Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісі мен жайылым экожүйелеріне әсері, киік популяцияларының геномикасы, сондай-ақ Пржевальский жылқысын табиғи ортаға қайта жерсіндіру және сақтау мәселелері бойынша баяндамалар ұсынылды. Кездесуді Бейжің орман шаруашылығы университетінің доценті Цинь Синху үйлестірді.

Симпозиумға қатысу үшін Қытайға Жәңгір хан университетінен үш ғалым барды. Олар – доценттер Гүлшат Айешева мен Салтанат Есенғалиева, сондай-ақ доцент міндетін атқарушы Канбибі Гумарова. Жобаға доцент, экономика ғылымдарының кандидаты Айгүл Қазамбаева жетекшілік етеді.

БҚАТУ делегациясының сапарын дайындауға және симпозиумға қатысуына университеттің ғылым жөніндегі проректоры, профессор Әлжан Смайылұлы ұйымдастырушылық қолдау көрсетті. Жобаға қатысушылар халықаралық ғылыми ынтымақтастықты қолдағаны үшін оған алғыс білдірді.

Гүлшат Айешева «Киік популяцияларының ауыл шаруашылығына әсерін экономикалық бағалау және шығындарды азайту жолдары» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада киіктердің ауыл шаруашылығы алқаптары мен жайылымдарға ықтимал әсері, туындайтын тәуекелдерді бағалау және шығындарды азайту тәсілдері қарастырылды. Сондай-ақ кеңістіктік талдаудың маңызы атап өтілді. Ол жабайы жануарлар мен ауыл шаруашылығы өндірісінің өзара ықпалы айқын байқалатын аумақтарды және қолдау шаралары қажет болуы мүмкін жерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

Салтанат Есенғалиева «Киік популяцияларының Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы өндірісі мен жайылым экожүйелеріне әсерін экономикалық бағалау» тақырыбында баяндама ұсынды. Ол киіктердің қозғалысы, жайылымдарды пайдалану және ауыл шаруашылығы қызметі арасындағы байланысты зерттеу тәсілдерімен таныстырды.

БҚАТУ ғалымдарының баяндамаларында киікті сақтаумен қатар ауыл шаруашылығы өндірушілерінің ықтимал шығындарын азайтуға мүмкіндік беретін шешімдерді іздеуге ерекше назар аударылды. Мұндай тәсіл жергілікті жағдайларды ескеруді, ахуалды тұрақты бақылауды және тәуекел деңгейі әртүрлі аумақтарға арналған шараларды нақты таңдауды көздейді.

Симпозиумның тағы бір баяндамасы Пржевальский жылқысына арналды. Бейжің орман шаруашылығы университетінің профессоры Ху Дэфу жылқыны табиғи ортаға қайта жерсіндіру нәтижелері мен популяцияларын табиғи-географиялық жағдайларды ескере отырып, одан әрі қалпына келтіру перспективалары туралы баяндады. Бағдарламада доцент Липин Янның табиғи ортаға қайта жерсіндірілген Пржевальский жылқыларының тіршілік етуін инвазивті емес әдістермен бағалау және зерттеуші Цин Тидің киік популяцияларының геномикасы жөніндегі баяндамалары да ұсынылды.

Қазақстандық ғалымдар Бейжің орман шаруашылығы университетінің басшылығы мен бүкіл университет ұжымына қонақжайлығы, симпозиумды ұйымдастырғаны және ғылыми тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасағаны үшін шынайы алғысын білдірді. Профессорлар Ху Дэфу мен Цинь Синхуға, университеттің басқа да ғалымдарына, сондай-ақ іс-шараға қатысқан докторанттарға, магистранттар мен студенттерге ерекше ризашылық білдірілді.

БҚАТУ өкілдерінің симпозиумға қатысуы жоба нәтижелерін халықаралық ғылыми қауымдастыққа таныстыруға, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуға және жабайы табиғатты қорғау мен ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту салаларындағы ынтымақтастықты талқылауға мүмкіндік берді.

Республика күні аталып өтті

Жәңгір хан университетінде 25 қазан – Республика күніне орай салтанатты шара өтті.



Мерекелік жиында университеттің басқарма төрағасы-ректор Асқар Наметов профессор-оқытушылар мен студенттерді ұлттық мерекемен құттықтады.

– Құрметті әріптестер! Сіздерді 25 қазан – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Республика күні – халқымыздың азаттыққа деген ұмтылысын, елдік мұраты мен тәуелсіздік жолындағы тарихи таңдауын айшықтайтын маңызды мереке. 1990 жылғы 25 қазанда Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылдануы Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына негіз қалап, ел тарихындағы жаңа кезеңнің бастауына айналды. Бүгінде егемен еліміздің жетістіктері – әр саладағы қажырлы еңбектің, ортақ мақсатқа деген жауапкершілік пен болашаққа деген сенімнің нәтижесі. Ал мемлекеттің өркендеуі мен қоғамның дамуы, ең алдымен, білімді ұрпақ пен ғылымның әлеуетіне байланысты. Осы орайда жоғары білім беру саласына жүктелер міндет те, артылар сенім де зор. Жәңгір хан университетінің ұжымы да білікті мамандар даярлау, ғылыми ізденістерді дамыту және жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілік құндылықтарын сіңіру арқылы еліміздің дамуына өз үлесін қосып келеді. Университетіміздің әрбір жетістігі – ортақ іске жұмылған ұжымымыздың бірлігі мен табанды еңбегінің нәтижесі. Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтып, еліміздің ертеңіне қызмет ететін білімді, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу – баршамызға ортақ мәртебелі міндет. Осы жолдағы еңбектеріңіз бен университетіміздің дамуына қосып жүрген үлестеріңіз үшін әрқайсыңызға шынайы алғысымды білдіремін. Республика күні құтты болсын!, – деді құттықтауында Асқар Мырзахметұлы.





Салтанатты шарада Білім беру менеджменті және мониторинг басқармасының жетекші маманы, экономика ғылымдарының кандидаты Наталья Пащенкоға «Еңбек ардагері» төсбелгісі мен Экономика және қаржы департаментінің директоры, экономика ғылымдарының кандидаты Мира Бегеевaға «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі табысталды. Сондай-ақ Стратегиялық даму және талдау басқармасының басшысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Ирина Богдашкина Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Сонымен қатар бір топ оқытушы, ғылыми қызметкер мен студент облыс және қала әкімдерінің алғысхаттарына, сондай-ақ ректордың Құрмет грамотасына ие болды.

Мерекелік шара акустикалық кешпен жалғасты. Оқу ордасының шығармашылық ұжымдары мен өнерлі жастары салтанатты жиынды ән-бимен көркемдеді.

«Жайықты жаңғыртқан дарабоз тұлға»: Мұстақым Ықсановтың туғанына – 100 жыл

Жәңгір хан университетінде «Толық адам» тұжырымдамасы аясында көрнекті мемлекет қайраткері Мұстақым Ықсановтың туғанына 100 жыл толуына орай «Жайықты жаңғыртқан дарабоз тұлға» тақырыбында тағылымды кездесу өтті.



Индустриалды-технологиялық институтта ұйымдастырылған шараға шақырылған қонақтар, студенттер мен профессор-оқытушылар құрамы қатысты. Кездесуді университеттің ғылым жөніндегі проректоры Әлжан Шәмшідін жүргізді.

Тағылымды кездесуге Батыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының басшысы Нұрділда Ораз, еңбек ардагері, «Зерде-Память» қоғамдық қорының төрағасы Қуанышбай Төлебаев пен М.Ықсанов атындағы қордың төрағасы Асқар Атаев, БҚО мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының міндетін атқарушы Медхат Қамбетов және профессор Марат Оңаев қатысты.

Қонақтар қайраткердің өңірді өркендетудегі еңбегіне тоқталып, өмірі мен қызметі туралы тарихи деректермен әрі естеліктермен бөлісті.

– Мұстақым Ықсановтың еңбек жолы бір өңірмен шектелген жоқ. Ол Қазақстанның бірнеше аймағында еңбек етті. Әр өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосты. 1963 жылы Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындалды. Сол кезеңде Сыр өңірі үшін күріш шаруашылығын өркендету, суармалы алқаптарды кеңейту және ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайту маңызды мәселелер болатын, – деді БҚО әкімі аппаратының басшысы Нұрділда Ораз.

Кездесу барысында Мұстақым Біләлұлының университеттің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі, студенттерге қолайлы жағдай жасау жолындағы қамқорлығы айтылды. Тағылымды шара жастарға ел дамуына елеулі үлес қосқан тұлғаның өнегелі өмірі мен мол мұрасын кеңінен танытуға мүмкіндік берді.

Айта өтелік, мемлекет қайраткері Ақ Жайық өңірін түлетумен қатар, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің (ол кезде Ауыл шаруашылығы институты) қалыптасуы мен дамуына мол еңбек сіңірді. Қазақстанның батыс өңірінен келген жастардың алаңсыз білім алуына жағдай жасау мақсатында қала шетінен Студенттер қалашығы салынды. Ол құрылыс барысын қадағалап, студенттерге арналған 800 орындық акт залын салу үшін мамандарды Мәскеу қаласынан алдырды.

2016 жылы университетте Мұстақым Ықсанов атындағы дәрісхана ашылып, атаулы шәкіртақы тағайындалды. Аталған шәкіртақының алғашқы иегері машина жасау факультетінің IV курс студенті Жалғас Ұзақбаев болды.

Сондай-ақ ол мемлекеттік басқару жүйесінде ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп, республика мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша үлес қосты. Оның басшылығымен ел игілігіне бағытталған ауқымды жұмыстар атқарылып, өндіріс, ауыл шаруашылығы, құрылыс, білім беру және әлеуметтік инфрақұрылым салаларының дамуына серпін берілді.

Үш өлшемді революция: машина жасаудағы 3D модельдеудің басты құралдары

Қазіргі таңда машина жасау саласын үш өлшемді модельдеусіз елестету қиын. Бұрын инженерлер жаңа бөлшектің немесе механизмнің сызбасын қағаз бетінде қолмен орындап, есептеулерді жеке жүргізетін. Бұл үдеріс көп уақытты қажет етіп, жобалау кезінде қателіктердің туындау ықтималдығын арттыратын. Ал заманауи 3D модельдеу технологиялары инженерге болашақ бұйымның цифрлық нұсқасын жасауға, оның жұмысын алдын ала тексеруге және өндіріске қажетті құжаттарды автоматты түрде дайындауға мүмкіндік береді.

Үш өлшемді модельдеу машина жасау саласында нағыз технологиялық революция жасады. Оның көмегімен жекелеген бөлшектерді ғана емес, мыңдаған элементтен тұратын күрделі механизмдерді, өндірістік жабдықтарды, автомобильдер мен ұшақтарды жобалауға болады.



Машина жасаудағы 3D модельдеудің маңызы

Үш өлшемді технологиялардың басты артықшылығы – бұйым өндіріске жіберілмей тұрып, оның виртуалды нұсқасын толық зерттеу мүмкіндігі. Инженер бөлшектердің бір-бірімен дұрыс қосылуын, саңылаулардың жеткіліктілігін және қозғалатын элементтердің соқтығыспауын алдын ала тексере алады.

Егер модельде қате анықталса, оны цифрлық ортада түзету дайын бұйымды қайта жасаудан әлдеқайда арзан әрі жылдам болады. Осылайша, 3D модельдеу кәсіпорынның уақытын, материалдық ресурстарын және қаржысын үнемдейді.

Параметрлік модельдеу технологиясының да маңызы зор. Параметрлік модельде бөлшектің өлшемдері мен элементтері өзара байланыста болады. Мысалы біліктің диаметрі өзгертілген кезде оған тәуелді тесіктердің, ойықтардың немесе басқа элементтердің өлшемдері автоматты түрде жаңартылады. Бұл конструктордың жұмысын едәуір жеңілдетеді.



3D модельдеудің басты құралдары

Autodesk Inventor – машина жасау бұйымдарын параметрлік жобалауға арналған кәсіби жүйе. Ол бөлшектер мен құрастыру бірліктерін модельдеуге, техникалық сызбалар жасауға және механизмдердің қозғалысын зерттеуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама стандартты бөлшектердің дайын кітапханаларын ұсынады. Олардың құрамына бұрандамалар, сомындар, мойынтіректер, тісті доңғалақтар және басқа да машина бөлшектері кіреді. Дайын элементтерді пайдалану жобалау уақытын қысқартып, конструкторлық жұмыстың тиімділігін арттырады.

Inventor бағдарламасы AutoCAD жүйесімен жақсы үйлесетіндіктен, екі өлшемді сызбалар мен үш өлшемді модельдер арасында мәлімет алмасуға қолайлы.



КОМПАС-3D – бөлшектерді, механизмдерді және машина жасау конструкцияларын жобалауға арналған жүйе. Бағдарлама конструкторлық құжаттарды рәсімдеу мен техникалық сызбаларды дайындауда кеңінен пайдаланылады.

КОМПАС-3D жүйесінде көлемдік және қаңылтыр бөлшектерді модельдеуге, құрастыру жұмыстарын орындауға және спецификациялар жасауға болады. Оның маңызды ерекшеліктерінің бірі – конструкторлық құжаттарды қолданыстағы стандарттарға сәйкес рәсімдеуге арналған мүмкіндіктерінің болуы.

Бағдарламаның орыс тіліндегі интерфейсі мен оқу материалдарының қолжетімділігі оны техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қолдануға ыңғайлы етеді.



AutoCAD – көбіне екі өлшемді сызбаларды орындау бағдарламасы ретінде белгілі. Дегенмен оның үш өлшемді модельдер жасауға арналған құралдары да бар. Бағдарлама қарапайым қатты денелерді, беттерді және кеңістіктік конструкцияларды модельдеуге мүмкіндік береді.

AutoCAD техникалық сызбаларды дайындауға өте қолайлы. Алайда аса күрделі машина жасау құрастыруларын жобалау кезінде мамандандырылған параметрлік жүйелермен салыстырғанда мүмкіндіктері шектеулі болуы мүмкін.



3D модельдеуден цифрлық өндіріске дейін

Қазіргі машина жасау саласында 3D модель жобалаудың соңғы нәтижесі ғана емес, тұтас өндірістік үдерістің негізгі ақпараттық көзі саналады. Дайын модельдің негізінде конструкторлық сызбалар, спецификациялар және технологиялық құжаттар жасалады.

Сонымен қатар модель инженерлік талдау жүйесіне жіберіліп, бөлшектің беріктігі, температуралық әсерге төзімділігі, тербелісі немесе деформациясы тексеріледі. Бұдан кейін осы модель негізінде станокқа арналған басқару бағдарламасы дайындалып, бөлшек өндіріледі.

3D басып шығару технологиясы да цифрлық модельмен тікелей байланысты. Инженер жаңа бұйымның прототипін қысқа мерзімде жасап, оның пішінін, құрастырылуын және қолданыстағы ыңғайлылығын тексере алады. Бұл жаңа өнімдерді әзірлеу мерзімін айтарлықтай қысқартады.

3D модельдеудің болашағы

Машина жасаудағы 3D модельдеу жасанды интеллект, бұлттық есептеу, виртуалды шындық және цифрлық егіз технологияларымен қатар дамып келеді. Жасанды интеллект инженер ұсынған талаптарға сәйкес конструкцияның бірнеше нұсқасын автоматты түрде әзірлеп, олардың ішінен ең тиімдісін таңдауға көмектеседі.

Цифрлық егіз – нақты жабдықтың немесе өндірістік жүйенің үнемі жаңартылып отыратын виртуалды көшірмесі. Арнайы датчиктерден алынған мәліметтер цифрлық модельге беріліп, жабдықтың жағдайын бақылауға және ықтимал ақауларды алдын ала анықтауға мүмкіндік береді.

Виртуалды және толықтырылған шындық технологиялары инженерлерге болашақ механизмді нақты көлемде көруге, оның ішкі құрылысын зерттеуге және құрастыру үдерісін виртуалды ортада тексеруге жағдай жасайды.

Үш өлшемді модельдеу машина жасау саласындағы жобалау мен өндіріс тәсілдерін түбегейлі өзгертті. Ол инженерлерге күрделі бұйымдарды жоғары дәлдікпен жобалауға, қателерді ерте анықтауға, материалдық шығынды азайтуға және жаңа өнімді өндіріске енгізу мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді.

Autodesk Inventor, КОМПАС-3D, AutoCAD бағдарламалары әртүрлі деңгейдегі инженерлік міндеттерді шешуге арналған. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі болғанымен, барлығының ортақ мақсаты – инженердің идеясын дәл әрі тиімді цифрлық модельге айналдыру.

Болашақта 3D модельдеу жеке құрал ретінде ғана емес, жасанды интеллектпен, цифрлық өндіріс және автоматтандырылған басқару жүйелерімен біріктірілген кешенді технология ретінде дамиды. Сондықтан үш өлшемді модельдеу құралдарын меңгеру қазіргі және болашақ машина жасау мамандары үшін маңызды кәсіби құзыреттердің бірі саналады.

Асыланбек НҰРАЛИН,
Политехникалық институттың
аға оқытушысы

Педагог – сердце университета и проводник в будущее

Преподаватель – это не только профессия, но и особая миссия, требующая мудрости, терпения, душевной щедрости и искренней любви к своему делу. Именно благодаря педагогам студенты получают не только знания, но и жизненные ориентиры, учатся верить в собственные силы и уверенно идти к поставленным целям.

1 октября в учебном корпусе №7 на факультете гуманитарной, спортивной и военной подготовки состоялось праздничное мероприятие, посвящённое Дню работников высшего образования. Организаторами выступили старший преподаватель Айгуль Газизуллиновна и студенты третьего курса образовательной программы «физическая культура и спорт» групп 24-02 и 25-04.

Праздничная встреча стала ярким выражением уважения и



признательности профессорско-преподавательскому составу факультета. Студенты подготовили насыщенную творческую программу, в которой нашли отражение искренние эмоции, благодарность и тёплое отношение к своим наставникам.

На протяжении мероприятия звучали проникновенные стихи и музыкальные произведения, проводились увлекательные конкурсы. Особую атмосферу подарило выступление в формате КВН, наполнившее зал улыбками и хорошим настроением. Настоящим украшением праздника стали видеопоздравления от студентов факультета, в которых прозвучали добрые слова в адрес преподавателей и пожелания профессиональных успехов.

Подобные события напоминают о важной роли педагога в жизни каждого человека. Преподаватель высшей школы не просто передаёт знания и помогает освоить будущую профессию. Он поддерживает студентов в трудные моменты, раскрывает их способности, формирует ответственность и вдохновляет на новые достижения. За каждым успехом молодого специалиста нередко стоит труд наставника, который вовремя подсказал верное направление и помог сделать следующий шаг.

Праздник стал ещё одной возможностью выразить глубокую признательность тем, кто ежедневно вкладывает свои знания, опыт и душевные силы в развитие молодого поколения. Ведь именно преданность своему делу, стремление к совершенству и неравнодушное отношение к студентам составляют основу настоящего педагогического мастерства.

В завершение мероприятия участники пожелали преподавателям крепкого здоровья, благополучия, неиссякаемого творческого вдохновения и новых профессиональных достижений. Пусть каждый рабочий день приносит удовлетворение от результатов своего труда, а благодарность студентов становится заслуженной наградой за терпение, заботу и верность выбранному пути.

Педагог – это человек, который помогает раскрыть способности, зажигает интерес к знаниям и оставляет след в судьбе своих студентов. И пока есть такие наставники, университет остаётся не только местом получения образования, но и пространством, где формируется будущее.

Айгуль ДЖАКУПОВА,
Факультет Гуманитарной, спортивной и военной подготовки, старший преподаватель Центра преподавания гуманитарных и спортивных дисциплин

Ғылымға арналған ғұмыр

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Бейбіт Насиев биыл 60 жасқа толып отыр. Ол – отандық аграрлық ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым, білікті ұстаз әрі тәжірибелі маман. Саналы ғұмырын ғылым мен білімге арнаған мерейтой иесінің ғылыми ізденістері ауыл шаруашылығы өндірісін жетілдіруге, ғылыми жаңалықтарды өндіріске енгізуге және білікті мамандар даярлауға бағытталған.



Бейбіт Насиұлы – 1966 жылы 4 қарашада Қазақ КСР-ның Орал облысындағы Орда ауданына қарасты Саралжын ауылында дүниеге келген. 1983 жылы Саралжын ауылындағы Ф. Энгельс атындағы орта мектепті үздік бітіріп, Орал қаласындағы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетіне оқуға түсті.

1985-1987 жылдары әскери қызметін атқарып келген соң, жоғары оқу орнында білімін жалғастырды. 1990 жылы БҚАШИ агрономия факультетін үздік бітіріп, осы институттың ғылым бөліміне жас ғалым ретінде қалды. 1991 жылы Мәскеу қаласындағы В.Р. Вильямс атындағы Бүкілресейлік мал азығы ғылыми-зерттеу институтының күндізгі бөліміне аспирантураға түсіп, 1994 жылы а.ш.ғ.д., профессор, РАСХН мүше-корреспонденті Ю.К. Новоселов пен а.ш.ғ.д., профессор А.С. Шпаковтың жетекшілігімен диссертациялық кеңесте «Ресейдің орталық күлгін топырақты аймағында көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер мен жабынды дақылдардан жоғары өнімді ақуыз агрофитоценоздарын құрастыру» кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

1994-2003 жылдары «Астық» қауымдастығының бас маманы, бөлім бастығы, сондай-ақ «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ Батыс Қазақстан облысы өкілдігінің бас маманы, «Дән қамту» АҚ-тың (Орал қ.) учаске бастығы лауазымдарында жұмыс істеді.

2003 жылы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне топырақтану және агрохимия кафедрасының доценті ретінде жұмысқа қабылданды.

2003-2006 жылдары ҚР ҰҒА академигі Р.Е. Елешевтің жетекшілігімен Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің топырақтану және агрохимия кафедрасының докторантурасының күндізгі бөлімінде білім алып, 2007 жылы В.Р. Вильямс атындағы Бүкілресейлік мал азығы ғылыми-зерттеу институтының диссертациялық кеңесінде «Батыс Қазақстан жағдайында дәнді және жемшөп дақылдарын өсіру жүйесін жетілдіруді ғылыми негіздеу» докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

2007 жылдан бастап Жәңгір хан атындағы БҚАТУ қабырғасында әртүрлі лауазымда қызметтер атқарады. Қазіргі таңда «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚтың ветеринария және агротехнология институтының профессоры лауазымында еңбек етіп жатыр.

Ол – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының толық мүшесі (академигі) және «агрономия» мамандығы бойынша – доцент (2009 ж.). Әрі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестаттау комиссиясының шешімімен «агрономия» мамандығы бойынша профессор атанды (10 ақпан, 2015 ж.). «Ғылыми атақ беру туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті төрағасының 10.02.2015 жылғы №194 бұйрығымен «агрономия» ғылыми бағыты бойынша профессор ғылыми атағы берілді. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына екі мәрте ие болды (2009, 2015 жж).



Профессор Бейбіт Насиевтің жетекшілігімен BR06249365 «Солтүстік және Батыс Қазақстан жағдайында жоғары өнімді жайылымдық алқаптарды құру және оларды ұтымды пайдалану» тақырыбы бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде ҚР ғалымдары жүргізген зерттеулердің нәтижесінде жемшөптің өнімділігі мен ақуыздық құндылығын 12-15%-ға дейін арттыратын, құрамында алмасу энергиясының 9,5-10 МДж/кг тең жоғары өнімді шабындық-жайылымдық ретінде пайдаланылатын мал азықтық алқаптар қалыптастырылды. Өндіріске енгізу барысында әзірленген технологиялар есебінен жемшөп алқаптарының өнімділігін 27-32%-ға және мал шаруашылығы өнімдерін 20-25%-ға арттыруға қол жеткізілді.

ҚР АШМ тапсырмасы бойынша BR10764915 «Жайылымдарды қалпына келтіру және ұтымды пайдаланудың (жайылым ресурстарын пайдаланудың) жаңа технологияларын жасақтау» ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асырды. ҚР АШМ қойған тапсырмаларға сәйкес ғалымдар жайылымдардың күйзелген учаскелерін қалпына келтірудің жаңа тәсілдерін, жемшөп алқаптарын беткі және түбегейлі жақсарту технологияларын, шабындық-жайылымдық конвейерлер мен көп компонентті жайылымдық жерлерді құрастыру тәсілдерін, сондай-ақ шалғайдағы аймалы жайылымдарды пайдаланудың ғылыми негізделген әдістерін әзірледі.



Әзірленген әдістер мен технологияларды қолдану бағдарламадан кейінгі кезеңде жайылымдар мен жайылымдық жерлердің күйзелген учаскелерінің өнімділігін жалпы 25-30%-ға дейін арттыруға мүмкіндік берді. Қазақстанның әртүрлі табиғи-климаттық аймақтарында құрастырылған шабындық-жайылымдық конвейерлер азықта сіңірілетін ақуыз мөлшері кемінде 60-120 г/кг, алмасу энергиясы 6,7-11,5 МДж/кг қоректік жем жинауды қамтамасыз етті.

Бұл өз кезегінде жемшөп тапшылығы проблемасын шешуге, мал шаруашылығының экономикалық тиімді өнімін алуға және фермерлерге тұрақты қаржылық, энергиялық тұрғыда тиімді пайда алуға мүмкіндік берді.

Көптеген ғылыми зерттеулер Бөкей ордасы ауданындағы «Мирас» шаруа қожалығында, сонымен қатар Бәйтерек ауданындағы «Дәуқара» шаруа қожалығында жүргізілді және өндіріске енгізілді. Көптеген ғылыми әзірлемелер Қазақстанның Батыс өңірінің жайылымдық шаруашылықтарында енгізілді.

Профессордың жетекшілігімен Батыс Қазақстан облысының далалық және шалғындық жемшөп өндірісінің ғылыми мектебі құрылды. «Агрономия», «топырақтану және агрохимия» мамандықтары бойынша бес PhD докторы, «агрономия», «топырақтану және агрохимия», «экология», «жерге орналастыру» мамандықтары бойынша 50-ден астам ғылым магистрлері даярланды. Қазіргі уақытта ол – сегіз PhD докторанты мен төрт магистранттың ғылыми кеңесшісі-жетекшісі.

Профессор Бейбіт Насиұлы жоғары жарияланымдық белсенділікке ие және отандық, халықаралық рецензияланған ғылыми журналдарда үнемі мақалалар жариялайды.

Scopus базасы бойынша Хирша индексі – 13-ке тең. 12 монографияның, бір патенттің, пайдалы модельдің сегіз патентінің, бес авторлық куәліктің, 500-ден астам ғылыми мақаланың, оның ішінде Web of Science, Scopus, Agris және eLibrary.ru базаларында жарияланған мақалалардың авторы.

Профессор Бейбіт Насиев әртүрлі қызметтерді атқару кезінде өзін сауатты, бастамашыл жан ретінде көрсете білді. Оның жауапкершілігі, еңбекқорлығы және басқа да жақсы қасиеттері университет ұжымы арасында лайықты құрметке ие.

Түлектер назарына!

Жоғары оқу орнын жоғары оқу үлгерімімен аяқтаған түлектерге «Б» корпусының аудандық және ауылдық деңгейлердегі басшылық емес лауазымдарына конкурс өткізілмей орналасу мүмкіндігі қарастырылған.

Түлектерге арналған бос жұмыс орындарын Eqyzmet.gov.kz порталындағы «Түлектерге арналған бос орындар» бөлімі арқылы білуге болады.

QR-кодты сканерлеңіз
https://eqyzmet.gov.kz/#/main/graduate/vacancies

Меншік иесі: Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ баспасөз хатшысы Гүлмира САРСЕНҒАЛИ

Компьютерде беттеуші және дизайнер Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың баспасөз қызметінде теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.
Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 602
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Баспасөз қызметінің мекенжайы: 090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 231-бөлме 1-42 info_zkatu@mail.ru